

“Астана медицина университеті” АҚ
№ 1 Қоғамдық денсаулық сақтау кафедрасы

СӨЖ

**Тақырыбы : Әйелдер кеңесі және босану үйінің
қызметінің көрсеткіші мен құрылымы**

Орындаған : Сәйді С.Б.

Топ : 505 ҚДС

Тексерген : Байгенжеева Р.Қ.

Астана, 2016 жыл

Жоспар:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім


1. Әйелдер кеңесі қызметі, құрылымы
2. Босану үйі құрылымы

III. Қорытынды

IV. Қолданылған әдебиеттер

Кіріспе

Әйелдер консультациясы (кабинеттері) осы заманғы технологияларды, клиникалық хаттамалардың негізінде амбулаториялық акушерлік-гинекологиялық көмекті, отбасын жоспарлау және ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау жөніндегі қызметтерді пайдалана отырып, халыққа амбулаториялық акушерлік-гинекологиялық көмек көрсету үшін құрылады.



перзентхана

Әкімшілік шарушылық бөлімі

патология бөлімі

бөбектер бөлімі

босану бөлімі

қабылдау бөлімі

босанғаннан кейінгі

әйелдер кеңес орны бөлімі

босанар алдындағы бөлімше

операция бөлімдері

босанатын бөлімше

УДЗ бөлмесі

шешінетін бөлме

тіркелетін орын

күту бөлмесі

жүктілерді, босанған әйелдерді, гинекологиялық ауларды қабылдау бөлмесі

психопрофилактикалық дайындау бөлмесі

жатыр мойнының патологиясын емдейтін бөлме

лаборатория бөлмесі

- *Әйелдер кеңес орнының құрылысы*
- **Әйелдер кеңес орны-емхана, босанатын үй амбулаторлық емдік алдын алу, акушер гинекологиялық көмек көрсету мекемесі. Құрылысы: шешінетін орын, тіркелетін, күту бөлмесі, қабылдау бөлмесі, жүктілерді психопрофилактикалық сабаққа дайындайтын, жатыр мойнының патологиясын емдейтін, лаборатория, УДЗ КАБИНЕТТЕРДЕН ТҰРАДЫ.**

- Әйелдер консультациясы (кабинеті) жүктіліктен тыс және жүктілік кезінде, босанғаннан кейінгі кезеңде білікті акушерлік-гинекологиялық көмекті, отбасын жоспарлау және ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау жөніндегі қызметті мынадай жолдар арқылы жүзеге асырады:

1) жүкті әйелдерді диспансерлік бақылау, оның ішінде жүктіліктің, босанудың және босанғаннан кейінгі кезеңдегі асқынуларды болдырмау және ерте анықтау мақсатында әйелдерді "қатер тобына" бөлу;

2) экстрагениталдық аурулар бейіні бойынша күндізгі стационарларға, перзентханалардың жүктілік патологиясы бөлімшесіне және басқа да емдеу-алдын алу ұйымдарының бөлімшелеріне уақытында емдеуге жатқызуды қажет ететін жүкті әйелдерді анықтау;

- 3) жүкті әйелдерді босануға жеке және психикалық алдын алу дайындықтарын жүргізу;
- 4) жүкті және босанатын әйелдерді емдеуді жүргізу;
- 5) консультациялау және отбасын жоспарлау және ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау мәселесі жөніндегі қызметті көрсету;
- 6) гинекологиялық және онкологиялық ауруларды ерте анықтау мақсатында әйелдерді алдын алу тексерулерін ұйымдастыру және жүргізу;
- 7) осы заманғы технологияларды пайдалана отырып, гинекологиялық науқастарды тексеру және емдеу, оның ішінде күндізгі стационар жағдайында;

Қызмет көрсетілетін халықтың санына қарай әйелдер консультациясының ұсынылған құрылымы:

- 1) акушер-гинекологтың кабинеті;
- 2) мамандандырылған қабылдау кабинеттері: отбасын жоспарлау, жүктілікті соңына дейін көтермеу, гинекологиялық эндокринология және ұрықсыздық, ісік ауруларының алдын алу, экстрагениталдық патология кабинеті, бала және жасөспірім жасындағы гинекология, функциялық және пренаталдық диагностика;
- 3) басқа мамандардың кабинеті: терапевтің, стоматологтың (тіс дәрігерінің), психотерапевтің (медициналық психологтың), заңгердің, жүкті әйелдерді перзентханаға психикалық алдын ала даярлау, емдік дене шынықтыру және емдеудің физиотерапиялық әдістері;
- 4) қосалқы бөлімшелер: емшара кабинеті, операцияға дейінгі шағын операциялық, клиникалық-биохимиялық зертхана, зарарсыздандыру, күндізгі стационар үшін үй-жай жиынтығы.

Әйелдер консультациясы (кабинеті) акушерлік-гинекологиялық стационармен, перинаталдық орталықпен, емханамен және балалар емханасымен (бірыңғай акушерлік-терапевтік-педиатриялық кешен шеңберінде болуы мүмкін) отбасын жоспарлау және ұрпақ жаңғырту орталығымен, шұғыл және кезек күттірмейтін медициналық көмек станциясымен және басқа да емдеу-алдын алу ұйымдарымен бірлесіп жұмыс істейді.



- Әйелдер консультациясының (кабинетінің) тіркеу орнында нақты көрнекі ақпарат: барлық маман дәрігерлердің қабылдау және емдеу және диагностикалау кабинеттерінің жұмыс кестесі: әйелдер консультациясының (кабинетінің) жексенбі күндерін қоса алғанда жұмыс уақыты және әйелдер консультациясы өзінің жұмысын тоқтатқан уақытта халық медициналық көмек сұрап қайда өтініш білдіруіне (медициналық ұйымдар, олардың телефон нөмірлері, мекен-жайлары көрсетіле отырып) болатындығы туралы ақпарат болуы тиіс.

- **Әйелдер консультациясында (кабинетінде) мынадай диагностикалық әдістер қолданылуы мүмкін:** метросальпингография, пертубация, зерттеудің цитологиялық әдістері, биопсия, жатыр қуысынан сору және басқалар. Алдын алу тексеру кезінде гинекологиялық аурулар анықталған жағдайда әйел тұрақты мекені бойынша әйелдер консультациясында (кабинетінде) емдеу тағайындалады. Нақты диагнозды белгілеу кезінде науқасты емдеу және диспансерлік бақылау туралы мәселе шешіледі.

Перзентхана-патологиялық
жүктілік, босану кезінде стационарлы
медициналық көмек көрсететін негізгі
емдеу мекемесі. Перзентхананың
құрамы: қабылдау, патология,
босанғаннан кейінгі (физиология,
обсервация) және бөбектер,
анестезиология-реанимация, емдік
диагностикалық әкімшілік
шаруашылық бөлімдері
гинекологиялық ауру, туу бөлімі, әйелдер
кеңес орны.

- Босану бөлмелері. Бұл бөлмелерде әйелдер босанатын РАХМАНОВ тосегі, дәрі-дәрмек, жылжымалы рефлекторлы шамы, дәрі тамызуға арналған штативтер зарарсыздандырылған материалдармен жабдықталған бірнеше бикстер болады. Сонымен қатар, нәрестенің тыныс жолдарын тазартатын электросорғыш, оттекті баллондар, наркоз беретін аппарат, тонометр, стетоскоп болуы керек. Босанатын екі бөлменің ортасында жаңа туған сабиге арналған дәрі-дәрмек, арнайы құрал аспаптармен жабдықталған бөлме бар.



- Босанар алдындағы бөлімшеде кезекші акушер әйелдің жалпы жағдайын, қан қысымын, тамыр соғуын, толғақтың сипатын жазып босану тарихына жазып отырады. Босанып жатқан әйелдерде қынаптық зерттеуді кіші операция бөлмесінде, ал жыныс мүшелерінен қан кеткен жағдайда үлкен операция бөлмесіне жасайды.



Қорытынды

Перзентхананың құрамына стационар және әйелдер консультациясы кіреді. Перзентхананың жұмысы әйелдердің тұрағына және балалар [[емхана]сының] орналасқан жеріне байланысты құрылады. Себебі, Перзентханадан шыққаннан кейін нәрестенің өсіп-дамуы балалар емханасындағы учаскелік педиатрдың бақылауында болады. Перзентханадағы акушер-гинекологтар тұрғындар арасында санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізіп, жүкті әйелдер мен жас аналарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетеді.

Қолданылған әдебиеттер

- 1. Айламазян Э.Г. Акушерство – учебник для студентов мед.ВУЗов. Санкт-Петербург. – 2005 г.
- 2. Айламазян Э.Г., Кулакова В.Н., Радзинский В.Е. Акушерство. Национальное руководство. М.: Гэотар-МЕД, 2009г.
- 3. Акушерство: учебник + CD/ под ред.Г.М. Савельевой, Р.И. Шалиной, Л.Г.Сачиनावы, О.Б. Паниной, М.А.Курцера. – М., 2008.
- 4. Бодяжина В.И., Жмакин К.Н., Кирющенко А.П. Акушерство – учебник для студентов мед. ВУЗов. М., 2001 г.
- 5. Дуда В.И. Гинекология. 2002 г